

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2013 жылғы 4 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2013 жылғы 18 наурыздағы № 52-ө өкімі

1. Қоса беріліп отырған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 4 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық және құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі – тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары:

1) тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық және құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізісін;

2) тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық және құқықтық актілерді қабылдасын және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

Премьер-Министр

С.Ахметов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 1 3 ж ы л ғ ы

№ 5 2 - ө ө к і м і м е н

бекітілген

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 4 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық және құқықтық актілердің тізбесі

Р / с №	Нормативтік құқықтық актінің атауы	Актінің нысаны	Орындауға жауапты мемлекеттік органдар	Орындау мерзімі
1	2	3	4	5
1.	Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Еңбекмині	2013 жылғы наурыз

2.	Судья қызметінен келеңсіз себептер бойынша босатылған жағдайда, судьялар үшін қосымша белгіленген міндетті зейнетақы жарналарының сомаларын алып қою және бюджетке аудару қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Еңбекмині, (жинақтау) Қаржымині, ЭБЖМ, ЖС (келісім бойынша)	2013 жылғы наурыз
3.	«Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу, қайта есептеу (айқындау) және арттыру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы № 1307 қаулысына өзгеріс енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Еңбекмині	2013 жылғы наурыз
4.	«Әлеуметтік аударымдарды есептеу және аудару ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 маусымдағы № 683 қаулысына өзгеріс енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Еңбекмині	2013 жылғы наурыз
5.	«Зейнетақы аннуитеті шарттары негізінде жинақталған зейнетақы қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы сақтандыру ұйымдарының зейнетақымен қамсыздандыру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 25 шілдедегі № 249 қаулысына өзгерістер және толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысы	ҰБ (келісім бойынша)	2013 жылғы наурыз
6.	«1998 жылғы 1 қаңтардан бергі кезеңдегі табыстың жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары жүзеге асырылған табысқа сәйкестігін анықтау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2004 жылғы 21 желтоқсандағы № 310-ө бұйрығына өзгеріс енгізу туралы	бұйрық	Еңбекмині	2013 жылғы наурыз
7.	«Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» акционерлік қоғамының басшы қызметкерлеріне қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2004 жылғы 5 шілдедегі № 154-ө бұйрығының күші жойылды деп тану туралы	бұйрық	Еңбекмині	2013 жылғы наурыз
8.	«Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан әлеуметтік төлемдер тағайындау үшін өтініштің нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің	бұйрық	Еңбекмині	

2004 жылғы 15 маусымдағы № 136-ө бұйрығының күші жойылды деп тану туралы		2013 жылғы наурыз
--	--	----------------------

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

Еңбекмині – Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау
м и н и с т р л і г і

Қаржымині – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

ЭБЖМ – Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау
м и н и с т р л і г і

ҰБ – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі

ЖС – Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК